

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МҰРАЖАЙ ІСІН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Авторлар: Жүнісбек С.А., Шаймерден Т.Е.,
«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 2 курс студенттері,
Ғылыми жетекші: Қасаболат А.Ж., п. э. м.*

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға дамытуға және кәсіби шыңдалуға бағытталған білімді игеруге» бүгінгі күнгі міндетіміз деп қарағана жөн. Ендігі кезекте сапалы білім алуды қоғамның ішкі сұранысын қанағаттандыру мақсатында ғана емес, мемлекет аралалық деңгейде қарастыру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып отыр. Бүгінгі таңдағы сұраныс қоғамды ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, рухани-адамгершілік тұрғысынан мәдениетті кәсіби маман ретінде кәсіби маман болып қалыптасу қажеттілігі айқындалып отыр. Бейнелеу өнері және сызу мамандығында оқитын студенттер үшін мұражай жобасын 3D тах бағдарламасында дайындау, институтымыздың мұражайын әлеуметтік желіде әлемдік деңгейде көрсету, кез – келген елде электронды көре алуға мүмкіндік жасау, студенттерге арналған «Мұражайлық тәжірибе» бағдарламасын жетекшімізбен бірге даярлау ғылыми жұмысымыздың өзектілігі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты:

Білімгерлердің рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда, институтымыздың мұражай ісін дамыту үшін, 3d тах програмасында электронды мұражай жобасын құру.

«Мұражайлық тәжірибе» бағдарламасын жасауда, мұражай материалдарын ғылыми-теориялық негіздеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Білімгерлердің рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мүмкіндіктерін айқындау.

- Білімгерлердің мұражай ісіне қызығушылығын арттыруда 3d тах програмасында электронды мұражай жобасын құрастыру.

- Бейнелеу өнері және сызу мамандығында оқитын білімгерлерге арналған «Мұражайлық тәжірибе» бағдарламасын теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

Егер, ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде білімгерлердің рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мұражай ісін дамытып, 3d тах бағдарламасында электронды мұражай дайындалса, арнайы «Мұражайлық тәжірибе» бағдарламасы дайындалса, **онда** білімгерлердің рухани-адамгершілік мәдениеті артады, әлемнің кез келген жерінен институтымыз туралы қолжетімді ақпарат алуға болады, бағдарлама жүзеге асатын болса бейнелеу өнері және сызу мамандығында оқитын студенттер «Өнертанушы» кәсіби маман ретінде қалыптасатын болады.

Зерттеудің әдістері:

Ғылыми- теориялық әдебиеттерді талдау, кафедрадағы оқу-тәрбие жұмысын талдау, 3d тах шығармашылық талдау, сауалнама жүргізу.

Зерттеу көздері:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. ҚР «Мәдени мұра» бағдарламасы. Институтымыздың мұражайы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық практикалық мәні:

- «Мұражай педагогикасы» ғылыми тұрғыда негізделді.

- Институтымыздың электронды мұражайы 3d тах програмасында жобасы жасалынды.

- Бейнелеу өнері және сызу мамандығында оқитын студенттерге арналған «Мұражайлық тәжірибе» бағдарламасы әзірленді.

- Білімгерлердің рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мұражай материалдарын тиімді пайдаланудың тиімділігі тәжірибе барысында анықталды.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:

Зерттеу әдіснамасына қойылған проблемаға сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс-жүзінде қолданылатындығымен, зерттеушілердің осы бағыттағы практикалық жұмыспен тәжірибесімен қамтамасыз етілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- Білімгерлердің рухани-адамгершілік мәдениетін мұражай арқылы қалыптастыруда мүмкіндіктері айқындалды.

- Білімгерлердің мұражай ісіне қызығушылығын арттыруда 3d max програмасында электронды мұражай жобасын жасалды.

- Бейнелеу өнері және сызу мамандығында оқитын білімгерлерге арналған «Мұражайлық тәжірибе» бағдарламасы дайындалды.

- негіздеу.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру жүйесінің әлемдік стандарттарға сай болуы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде дамуы, еліміздің демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуының, саяси экономикалық, мәдени-рухани өркендеуінің негізгі тетігі болып саналатыны сөзсіз. Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында адамзаттың жоғары индустриалды және ақпаратты қоғамға қарқынды түрде өтуіне байланысты өркениеттің тұтастай бейнесі тұтастай өзгеруде. Егер бұрын студенттердің белгілі білімдерді алу, қажетті білім дағдыларын қалыптастыру болса, қазіргі таңда бәсеукеге қабілетті, тұлға ретінде қалыптасқан, кәсіби біліктілігі жоғары маман болу бүгінгі күннің талабы. Ендігі кезекте сапалы білім алуды қоғамның ішкі сұранысын қанағаттандыру мақсатында ғана емес, мемлекет аралалық деңгейде қарастыру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып отыр. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына қатысты адамгершілік-рухани құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қоғам қайраткерлері, ғұламалар, ғалымдар ұлы педагогтар: әл-Фараби, Ж.Баласұғын, Қ.А.Йассауи, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар өз еңбектерінде құнды ой пікірлерін қалдырып кеткен. Құндылыққа бағдарлау негіздері және отбасы тәрбиесіндегі ізгілік мәселелері Н.Г.Нұрғалиева, Г.К.Байдельдинова, валеология ғылымының теориялық және әдістемелік мәселелері А.С.Иманғалиев, А.Ақанов, рухани құндылықтардың әлеуметтік-философиялық негізі С.Нұрмұратов, Е.Әлсатов, Б.С.Ерасов, адамгершілік тәрбиесін жетілдіру А.А.Калужный, Ж.С.Хасанова, А.А.Аманжолова, Г.А.Мұратбекова, К.Б.Сейталиев т.б. еңбектерінде орын алған.

Жоғарыда аталған еңбектердің барлығының да теориялық және практикалық маңызы зор. Алайда зерттеуші ғалымдардың мұражай ісі арқылы және рухани – адамгершілік құндылықтар мәселесіне қосқан үлкен үлесіне қарамастан, мұражай ісі ақлы адамгершілік-рухани құндылық бағдарын қалыптастыру зерттелмеген күйде қалып отыр.

Бүгінгі таңдағы сұраныс қоғамды ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, рухани-адамгершілік тұрғысынан мәдениетті кәсіби маман ретінде кәсіби маман болып қалыптасу қажеттілігі айқындалып отыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының тәрбие тұжырымдамасында «Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдық қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды делінген.

ҚР 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» бөлімінде «Білім жүйесін жаңғыртуды меңгерген, ой өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлт қалыптастыру болып табылады» деп анықталған [5, 17].

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» халыққа жолдауында «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруімізге ұмтылғанымыз жөн» деп атап көрсетті [2].

Ұлттық мәдениет – халықтың ежелден қалыптасып келе жатқан өзіне тән өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүнетану есебінде жалғасып, жетіліп отырады. Рухани мұраларымызды танып білуде дәрменсіздік көрсету – қоғамымызда сабақтастық пен тұтастықтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сол себепті жастардың бойына ата-бабаларымыздан жеткен тарихи-мәдени мұраларға деген сүйіспеншілікте, мәдени сауаттылыққа үйрету қажет. Қазіргі таңда осындай жауапты міндетті орындауда, мұражайлардың атқаратын орны ерекше екені сөзсіз.

Мұражай – бұл адамзат қоғамының сан ғасырлық тарихымен салт-дәстүрінен, өнері мен мәдениетінен, ғылымы мен білімінен ең қысқа уақыт ішінде хабардар ететін ақпараттық жылдамдыққа ие бірден – бір ғылыми танымдық орын әрі көп қырлы тарихи қалыптасқан мәдени-әлеуметтік институт. Мұражайлардың қалыптасқаннан бергі қызмет ету бағыттарының бірі – білім беру болып есептеледі. Қазіргі ақпараттандырылған әлеуметтік кеңістікте мұражайлардың ролі олардың білім беру қызметінің кең көлемде таралуымен және тереңдігімен өлшенеді. Мәдени – ағарту жұмыстарын атқара отырып, болашақ ұрпақтың тарихи, мәдени білімінің кеңеюіне көмектеседі. Мұражайдағы әрбір жәдігер тарихи-мәдени ғасырдан сыр шертеді, оған үнілген сайын тарихтың қойнауына сапар шегіп, оқиғаны еріксіз көз алдыға әкелесің. Мұражайда көне заттар, зергерлік бұйымдар, суретшілердің баға жетпес ескерткіштері қазақ халқының көне тарихынан сыр шертетін құнды деректер халықтың талай – талай ұрпағының өмірі мен тұрмысынан хабар беретіні анық, ал киелі шаңырағымыз Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтымыздың мұражайы ісін дамыту, ақпараттандырылған әлемде қолжетімді ету үшін, әлемнің кез-келген түкпірінен көре алатындай дәрежеге жеткізу біздің зертеу жұмысымыздың өзектілігін анықтайды. Қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте ролі олардың білім беру қызметінің кең көлемде таралуымен, тереңдігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ сан ғасырлық тарихы бар бұл ошағының тарихын, мәдени ағарту ісін, рухани-мәдени игіліктерді оқу-тәрбие ісінде лайықты пайдалану жалпыадамдық құндылықтарды терең түсінуге де ықпал етеді.

Заманауи мұражайтану түсінігінде студенттердің әлем бейнесі түсінігін қалыптастыратын ерекше білім беру аясы, өз өмірі мен қызметі барысында алынған ақпараттарды бақылау, жүйелеу, топтастыру, жинақтау және түрлендіру дамиды. Мұражай ісін дамыту орталық және жиналған мәдени құндылықтардың әр түрлі жастағы білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Әлемдік беталысқа білім беру саласында мұражайлардың міндеттері мынандай болмақ:

- мұражайлық өнер заттарын көру негізінде ақпаратты алу қабілетінің дамуы,
- мұражайлық жинақтама заттарын бақылау арқылы ұғынықты ақпаратты қалыптастыру,
- өздігінен оқуға дағдыларын қалыптастыру,
- оқуға, оқудағы «Сәттілік тәжірибесіне» ынталандыру.
- Институт туралы ақпарат беру, кез-келген әлеуметтік желіде көру мүмкіндігі.

Осы міндеттерді дамыта отырып, біз 3d max бағдарламасында электронды мұражай жасаудың жобасын ұсынудамыз.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек – рухани адамгершілік қоғамдық қатынастардың дамуы мен тарихи-мәдени, рухани қажеттіліктің нәтижесі. Адамгершілік туа біткен қасиет емес. Адамгершіліктің моральдан айырмашылығы мораль сыртқы қоғамда жазылған заңдар мен нормалар жүйесін қамтып сырттай әсер ететін болса, адамгершілік адамның ішкі дүниесінде қалыптасады. Адамгершілік адамның ішкі еркінің сезімі. Адамгершілік принциптері бірлікте өмір сүру, бақытқа талпыну, мүдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, жоқ-жітік пен ауру-кемтарға, бала мен кәріге жәрдемдесудің қажеттігін сезіну мен мойындау сияқты факторлар негізінде қалыптасады деп ой түйіндей келе адамгершілік ұғымына келесі анықтама беруге болады. Адамгершілік дегеніміз – тұлғаның өз бойындағы негізгі ізгі сезімдер мен терең руханилықтан туындап, моралдық нормаларға бағынатын еркін қарым-қатынас жүйесі.

Адамгершіліктің көрніс табуы әрбір тұлғада әртүрлі. Себебі әр тұлға өзіне әртүрлі жеке өзінің құндылық мақсаттарын таңдайды. Соған бағыттап өз бойында рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады (Г.А. Брандт, А.М. Лобок).

Қазақтың рухани мәдениеті қола дәуірінен қалыптасып, бірнеше тарихи кезеңдерден өтіп біздің халқымызға жетті. Көне түркілерден келе жатқан көшпенді ата бабамыздың негізгі рухани мәдениетінде дін арқылы бірлесу, топтасып қалың қол жинап елдің бірлігін сақтап отырған. Шапқыншылық кезеңдерде тек қана білектің күшімен емес, жүректің, діннің, өткір сөздің, ақыл-ойдың ұшқырлығымен халықты біріктірген. Содан білекті бірді жығар- деген нақыл сөзбен өсиет қалдырған. Қазақтар ерте заманнан бастап, Отанын сүю, қорғай білу соған рух жинап тұтастықты қамту ел бірлігін ұстау сияқты рухани адамгершілік мәдени құндылықтарды сақтаған. Қазақ халқының бүгінге дейін жетіп отырған негізгі рухани мәдени құндылықтарына:

- 1) Атамекен, атакәсіп, атамұра;
- 2) Кісілік қасиеттеріне: дінге табыну, шаруашылық, өнеркәсіп өнеріндегі, ішкі дүниесіндегі қол жеткен табыстарын құндылық деп санаған.
- 3) Отбасын сақтау; ата баба тарихы, шежірені білу, жеті атаны сақтау қазақтың отбасын сүттей ұйытуға, әрі қарай ата бабасының салып кеткен ізімен жүретін рухта тәрбиелеу;
- 4) Сөзінде тұру, уәжде тұру, халықты жұмылдыратын өтімді сөз айту ұлт үшін маңызды құндылықтарға жатқан.

Арабтар ислам дінін Орталық Азияға алып келді. Мысалы, көк тәңірге сиыну наурыз мейрамын тойлау т.б. Сол кезде төбелерге шығып шыққан күнді күтіп, сол күнге сиынып, отбасының, халқының амандығын сұрау арқылы ұлы Жаратушығы сиыну, осы кезге дейін ұрысып, кикілжіңге келген, арасы алыстаған адамдарды жақындастырып табыстыру адамгершілік ізгілікке жол тауып отырған. Ислам дінін таратушы миссионер Қ.А. Яссауи ерлік, ел алдындағы ұят, абырой, тазалықты сақтауға шақырып отырған. Осының бәрі тоқырау заманында әсіресе Кеңестік заманның 20 жылдарында қазақтар өз рухани мәдениетінен бірте-бірте айрылып, дінде, тілде шұбарлылық пайда болып, рухқа шабуыл болғандықтан қазақтың рухы әлсіреп қалды. Әлеуметтік ортаның дамуы ғарышпен қарым-қатынас, өзге елдермен араласу қазіргі кезде егеменді елдігімізді алған шағымызда жастарымыздың рухани – адамгершілік мәдениетін жаңадан бұрынғы әдет ғұрып салт сананы сақтай отырып дамытатын рухани жаңартатын тәрбие керектігі өте айқын. Оған дәлел біздің зерттеулеріміздегі жоғары оқу орнындағы жүргізілген тәжірибе қортындысынан көруге болады.

“Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Өзіне немқұрайлы қарайтын кейбір қоғам мүшелері, басқалар қалай өмір сүрсе, мен де солай өмір сүремін деген принципті ұстағанымен шын мәнінде өмірде олай емес. Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз ол оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы – деп көрсетеді профессор С.Қалиев Қазақ тарихындағы ғұламалардың ой пікірлері жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға арналады. А.Йассауи, А.Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, Ы. Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, сияқты ұлы ғұламалар адамды аса жоғары құндылық ретінде бағалайды. Оны табиғаттың, тірі дүние дамуының керемет нәтижесі, сондықтан да ол керемет пен марапатқа әбден лайық деп түсіндіреді.

№І-ші кесте. Құндылықтардың жіктелуі

Жалпы адамзаттық құндылықтар	Жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар	Рухани – адамгершілік имани құндылықтар
-адам өмірі, бостандық, отбасы, қарым-қатынас, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, тәуелсіздік т.б.	-адам конвенциясы, демократия, азаматтық қоғам, мәдениет т. б.	-мәдениет, саясат, әдебиет, Отан, Ана, Жер, дін, діл, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік т.б.

Қоғамды ізгілендіру – ХХІ ғасырдың табалдырығындағы өркениетті дамудың талабы, мұның өзі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысандарына қол жетуіне байланысты болып отыр, әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы ретінде адам аса айшықтана көрінеді. Ендігі жерде ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс болып табылады. Өйткені, біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басатындығымыз айқын.

Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар. Оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық, т.б. жатады. Құндылықтар – идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой сана арқылы қабылданады. Құндылықтар – құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді бағдарды білдіреді.

Сонымен “Рухани-адамгершілік құндылық дегеніміз” адамның өзінің табиғи жаратылысы мен өзін-өзі тану, қабылдау, сезіну арқылы сарапқа түсіп дамыған, сыртқы ортаның ықпалы нәтижесінде қалыптасқан, тұлғаның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдағы орнын, даралық қасиеттерінің сипатын айқындайтын ішкі құрылымдық элемент- деп білеміз.

Студенттің рухани-адамгершілік құндылықтарын мұражай ісін дамыту негізінде қалыптастыру үрдісін студенттің бойындағы тұлғалық өзгерістер және оның өз деңгейін дамыту әрекеттерімен тығыз байланысты. Өйткені, бүгінгі жаңа қоғамда білім алушы студентке жаңаша қойылатын талаптар оның жеке тұлғалық қасиеттерін, тек қана өз басы үшін емес, сонымен бірге өз айналасындағы жолдастарына, жалпы адамдар үшін үлгі болуын қажет етеді.

Студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын мұражай ісі тану арқылы қалыптастыру олардың бойында төмендегі қасиеттердің пайда болуына ықпал етеді:

- жанашылдық, шығармашылық, еңбекқорлық;
- интеллектуальдық сипаты: ой биіктігі мен тіл байлығы, логикалық өріс-өресі, терең танымдық, өзін-өзі сыни ойлау қабілеті;
- ашықтық, сабырлылық, табандылық, мейірбандық;
- өз көзқарасының сипаты: ізгіліктік, сүйіспеншілік, талап қоя алушылық, көмек көрсетуге даярлық;
- болашаққа көзқарас сипаттары: өз біліміне, тәжірибесіне, білігіне, адамгершілік қасиетіне сыни көзқарас, өзінің адами даму сапасына жоғары талап қоя білу, жауапкершілік, өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға қажеттілігінің болуы;
- өз мамандығы бойынша студенттер өз бойындағы адамгершілікке жатпайтын олқылықтарды зерттеп, түзетудің жолын табуға ұмтылуы.

Ұлы Абай адам проблемасына, оның табиғи және әлеуметтік жақтарының арақатынасын, адамгершілік, кемелдену, гуманизм идеяларын өзгеше пайымдайтын сананы тудырды. Ұлы ғұламаның жарық дүниеге келген адам баласының маңдайына жазылған тағдыры жайлы, оның дүниеден алатын орны мен рөлі жайлы философиялық пайымдауға, сан қилы да күрделі адам болмысын жан-жақты әлеуметтік қарым – қатынасы адамдарды түзу жолға түсіреді – деп тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарына адамның адами қасиетінің дамуын негізге алып, келер ұрпаққа бір сөзбен “Адам бол!” – деген ойларынан нағыз адам болу үшін тек қана өзінді тану арқылы сыртқы мәдениетке, тілге дінге мән бере отырып дамуға сол арқылы адамгершіліктің негізгі принциптері- қайырымдылық, биік талғам, шындық, әділдік негіздерін қабылдауға итермелейді немесе “Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі кінәлі” деп рухани-адамгершілік құндылықтың келесі жағы қарым-қатынас құндылығын суреттесе, өзінің отыз жетінші сөзінде: Мен заң қуаты қолымда бар кісі болсам, «адам мінезін түзеп болмайды» деген кісінің тілін кесер едім немесе “Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады – деп келесі рухани-адамгершілік құндылықтарына мәдени- этикалық

құндылықтардың мәнін ашып көрсетеді.” Тағы бір сөзінде Абай «шынайы байлық бұл адамдардың бір-бірін және өзін терең түсініп, өзара түсіністік қалыптасқанда ғана адамдар үйлесімді тіршілік құрып, дами бастайды» – деп адам бойындағы ең жоғары қалыптасқан құндылықтар бұл олардың ішкі рухани дүниесінің байлығы мен асыл қасиеттерін көрсете білу екендігін дәлелдеп береді.

Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі-жас жеткеншектерді қазақстандық патриотизм мен Қазақстанды мекендейтін халықтардың ұлтаралық ынтымақтастығы рухында тәрбиелеу болып табылады.

Ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі – жас жеткеншектерге рухани-адамгершілік тәрбие беруде өлке тарихи мәдени естеліктері мен халық тұлғаларының ерлік мұрасын пайдалану.

Білімгерлердің азаматтық, рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру проблемасына Қазақстан Үкіметі құжаттарында және Елбасы Жолдауында аса үлкен мән берілген. Елбасы өзінің жолдауларының бірінде «Өз тарихымыз Бен ерекше жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз де бар» десе, екіншісінде «Біз бірлесе отырып, ерлікті ұлт жасақтау жолында алға жылжуымызға қажетті берік негіз қаладық» (2005) деп өзіміздің тарихымызды, ділімізді, ұлттық қасиеттерімізді алғы шепке шығарады. Президенттің рухани-адамгершілік сезімге толы осы ой-пікіріне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында жас жеткеншектер тәрбиесіндегі ең маңызды міндеттер (өз Отанын сүю, туған өлке тарихи тұлғаларын білу, азаматтық пен патриотизмді қалыптастыру, мемлекет рәміздері мен халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтеу, Ата Заң мен қоғамға қайшы келетін көрністерге төзбеу, әлемдік және отандық жетістіктерді игеру, қазақ және республикада мекендейтін басқа да халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, тарихын жете білуге тәрбиелеу) сараланып көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының жаңа экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайға көшуі еліміздегі түбегейлі өзгерістер педагогика ғылымының алдына шешімін күттіретін күрделі практикалық міндеттерді жүктеп отыр.

Педагог жаңашыл өзгерістерге орай жаңа ұрпақ тәрбиелеу мәселесін көтеріп, олардың бойындағы жауапкершілігі арта түсуде.


Қазіргі Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер адамның еркін дамуды таңдауы, егеменділік жоғары білім беру жүйесінің құрылымына өзгерістер енгізуде. Елімізде қалыптасқан нарықтық қатынастарға байланысты республикамыздағы бастауыш мектепте жүргізілетін тәрбиелік шаралардың сапасына жаңа талаптар қойылуда. Тек қана оқу жүйесінің жаңаруы ғана емес, сонымен бірге жалпыадамзаттық құндылықтар ар, ождан, шындық, қайырымдылық, ұлтжандылық т.б. сана сезімнің өзгерісі байқалып отыр.

Бұл мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «... жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адамды тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады» – деп атап көрсетілген.


Сондықтан әр саладағы рухани адамгершілік мәдениетті қалыптастыруда негізгі методологиялық принциптерге сүйену қажет.

Негізгі рухани-адамгершілік мәдениетті қалыптастырудағы принциптерге біздер:


1. ғылыми;
2. ізгілік;
3. демократиялық
4. Қазақтан Республикасының мәдени салт сана, әдет-ғұрыптары мен атамекен, атакәсіп, атамұра құндылықтары;
5. жүйелі түрде ұрпақтан – ұрпаққа халқымыздың құндылықтарын жеткізу;
6. рухани-адамгершілік тәрбиенің тиімділігін арттырудағы қолданылатын әдістер т.б.



Ізденіс эскиздері. 1-сурет




Үстінен қарағандағы көрініс. 2-сурет




Қабырғаларын тұрғызғандағы көрініс. 3-сурет




Төр жақ. 4-сурет




Оң жақ қабырға. 5-сурет




Жоғарғы көрінісі шаңырақ болып ораналасады. 6-сурет




Кубоктармен мұрағаттар қойылатын орындар. 7-сурет



Оюлар эскизі. 8-сурет



Өлшемдердің қойылуы. 9-сурет



Киіз үй жабдықтары қойылатын және ассамблея бөлмесі



Төбесінен қарағандағы көрініс. 10-11-сурет

«Мұражайлық тәжірибе» білімгерлерге арналған практиканың бағдарламасының қысқаша мазмұны.

Бағдарламаның мақсат-міндеттері:

«Мұражайлық тәжірибе» мұражай материалдарын меңгеруде білім, іскерлік, дағды, шығармашылықты дамыту, суретшілердің шеберханасымен танысу, тарихи-мәдени орталықтарды зерттеу. Қазақ халқының мәдени жүйесін меңгерту.

Бағдарламаны оқып үйренуде мынандай құзыреттіліктер қалыптасуға тиіс:

- «Мұражайлық тәжірибе» ұғымын түсіну арқыл «Мұражайлық педагогиканы» меңгеру,

- Мұражай педагогикасының категориялық аппаратымен жұмыс барысында алынған білімдерді қолдана білу.

- Мұражай педагогика қызметтерін жүзеге асыруға қабілеттілік,

- Мұражай педагогикасының заманауи әдістері, үлгілері мен құралдарын, және оларды өзінің кәсіби қызметінде пайдалану, іскерлігін меңгерту.

- Өнертанушы, зерттеушісі ретінде білім-біліктерін қалыптастыру.

- Өнерсыншысы ретінде пікірлерін қалыптастыру.

- Кәсіби мамандармен қарым-қатынас, шеберхан жұмысымен танысып тәжірибе алмасу.

Пәндер тізімдемесі:

Қазақстан тарихы

Мәдениеттану

Педагогикалық мамандыққа кіріспе

Психология және адам дамуы

Қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі – жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру болып саналады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде негізгі мақсат қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты шығармашыл, рухани бай жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда, «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық рухани-адамгершілік идеясы ұсынылды. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық рухани-адамгершілік идеясы – Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, қоғамдық келісімді қалыптастыратын құндылықтар жүйесі.

«...Оқу үдерісіндегі тәрбие компонентін күшейту өте маңызды. Патриотизм, адамгершілік пен мораль нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, рухани және физикалық жағынан даму, заңға бағынушылық. Бұл құндылықтар жекеменшік түріне қарамастан, барлық оқу орындарында молая түсуі керек... Бұл біздің жастарға өмірлік қажеттілік» – деген болатын Елбасы. [1] Сол себептенде бір кездері студенттерге өткізілген «Мұражайлық тәжірибені» студенттерге қайтадан өткізілсе екен деген ұсыныс білдіреміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Алматы: Дастан, 2000. – 322 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан –2030 / Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім. – 171 б.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Білім-образование. – №1. – 2004.

4. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы. – Астана, 2011.

5. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасы.

6. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер 2013жыл.

7. Игенбаева. Б.Қ. Мен – Адаммын , жеке тұлғаның рухани- адамгершілігін дамыту сабақтарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құрал. – Алматы – 2000.

8. Әл-Фараби / Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 190 б.

9. Баласұғын Ж. Құт негізі білік / көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсінігін жазған А. Егеубаева. – Алматы: Мұратас, 1993. – 301 б.

10. Абай энциклопедиясы / Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра, 1995. – 328 б.
11. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 521 б.
12. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Рауан, 1994. – 280 б.
13. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 101 б.
14. Аймаутов Ж. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 355 б.

«ҚАЗАҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫМЕН ТІЛДІК БЕЙНЕСІ (Қ. ЖҰМАДІЛОВТІҢ «ДАРАБОЗ» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

*Автор: Қарабасова Қ.,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті,
Ғылыми жетекші: Шошақова Ж.Қ., филология магистрі.*

Ғылыми жобаның өзектілігі: Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады. Тіл – дүниетаным құралы, ұғым мен пайымдаудың объективтенуі. "Әлемнің тілдегі бейнесі" көркем туындылар тілінен, яғни суреткердің тіл шеберлігінен де көрінеді. Ұлттың айнасы тіл десек, сол ұлттың айшықты тілі көркем шығармаларда көрініс тауып, сол арқылы ұлттың шынайы болмысын беруге қызмет етеді. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге иеленуімен байланысты қоғамдық өмірдің барлық саласында өрісінің кеңейіп жан-жақты атқарар қызметінің өсе түскені белгілі. Осы ретте тілдік құрылымдардың жазбаша формадағы көрінісін, нақтырақ айтқанда көркем шығарма тілін зерттеу үлкен мәнге ие болып отыр.

Ұлттық тілге, рухани өмірімізге жаңалық болып енген шығарманың жетістігін, оның стильдік, көркемдік құндылықтарын таныту тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі. Жұмысымыздың зерттеу объектісі болып отырған «Дарабоз» диалогиясы-ұлттық рухта жазылған шығарма. Шығарма қандай да бір мәселе көтермесін, ол ұлттық тұрғыдан қарастырылып, сол аспекіден бағаланғанын байқау қиын емес. Шығарма тілінің көркемдік құндылықтарына ғылыми талдау беру қажеттігі біздің жұмысымыздың өзектілігін арттырады.

Ғылыми жобаның мақсаты. Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» шығармасындағы көркем сөз тілін ұлттық тіл білімі тұрғысынан талдау, яғни бұл туралы ғылымның лингвистикалық стилистика деп аталатын саласы бойынша талдауды мақсатқа алдық.

Ғылыми жобаның міндеттері: Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» шығармасындағы көркем сөз тілін ұлттық тіл білімі тұрғысынан талдау, яғни бұл туралы ғылымның лингвистикалық стилистика деп аталатын саласы бойынша талдауды мақсатқа алдық.

Демек, шығарма романы тілінің көркемдік ерекшеліктері мен ұлттық танымдық қызметін айқындауда мынадай нақты мақсат – міндеттер алға қойылды:

- концептілер мен сөз- символдардың ұлттық танымдық ерекшеліктерін анықтау;

Ғылыми жобаның негізгі нәтижесі: Қ. Жұмаділовтің шығармасы тілін талдау барысында ерекшеліктер анықталды.

-«Қазақ» халқының ұлттық этикетін білдіретін сөздер теріліп, талданды.

Ғылыми жобаның жаңашылдығы мен маңыздылығы.

Қ. Жұмаділов шығармаларының поэтикалық тілі, идеясы, негізгі ойы сынды мәселелер талданып жүр. Алайда, бүгінгі таңға дейін «Дарабоз» диалогиясындағы «Қазақ» концептісі, қазақ халқының танымын білдіретін этномаркерлі сипаттағы сөздер зерттелмеген.

Біз Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» шығармасы негізінде қазақ халқына ғана тән ұлттық сипаттағы сөздерді теріп, талдадық.

Жобаның осы тақырыптағы зерттеулерден ең басты артықшылығы – автор тілінде көздескен этномаркерлі сөздерді жинақтау, олардың мағыналарын ашу. Қазіргі таңда қолданыстан шығып қалған сөздерді белгілі бір жүйеге келтіріп, шағын жинақ шығару.